



Қазақта қыз бала- әрқашанда ұлттың намысы. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақыл сөз бар.

Ұлттың жаманы жоқ. Алайда, әрбір ұлттың өз ұстанымы, тілі мен діні, адет- ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Жүз жерден махаббат пен түсіністік болғанның өзінде ұлттық болмысы жағынан бір-бірінен ерекшеленіп, көзқарас екіге бөлінеді. Біреудің қателігін көріп, адам оны қайталамауға тырысуы тиіс.



Шетел асып, сол ұлттын келіні болыпты немесе сол ұлтқа келін бюолады деген сөзге еліміз көпұлтты болғасын ба, етіміз үйренген. Алайда, бүгінде қазақ қыздары түркі тілдес, мұсылман жігіттерін былай қойып, діні, тілі, нәсілі де бөлек ер-азаматтардың етегінен ұстауы жиілеп кетті. Біреулер мұны «Ой, масқара!» деп таң қалып, ұят тірлікке баласа, енді бірі «жүрек қалауы болса кете берсін» деген пікірлер көптеп айтылып жатады.

Жаттың құшағында кеткен қаракөз қыздарымыздың тағдырларына үңілсеңіз сан қилы. Дүниенің түпкір-түкпірінде өзге ұлттың ұрпақтарын көбейтіп отырған қыздарымыздың бақыттан басы айналып жүргендері өте көп.





Әр ұлттың өзінің салты болады. Соған байланысты екі жұптың ата-аналарының арасында келіспеушіліктер де болуы мүмкін. Олар келіспесе жастардың да бақытты болуы екі талай. Діндері бөлек өзге ұлт өкілдерінің азаматтарына некеге тұруға өз басым қарсымын. Өзге ұлт азаматтарының ұстанымдары, өмірге деген, салт-дәстүрге деген көз қарастары бөлек болады. Өз ұлтыңның өкілімен шаңырақ көтергенге не жетсін.



Бүгінде шетел азаматының етегінен ұстап, еріп кете беретін қазақ қыздары көбейіп барады. Оны статистикалық мәліметтер де растап отыр. Қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұлт болашағына қатысты құндылықтарды бойына сіңірсек те, бүгінгі ахуалға қандай баға беруге болады? Сонымен «Қазақ қыздары қайда кетіп жатыр?» деген сауалға тоқталсақ, тағы да ресми мәліметтерге сүйенеміз.

Мамандардың айтуынша, некеге тұрған отандастарымыздың тең жартысы Ресей азаматтарымен некелессе, одан кейінгі орындарда түрік, араб, қытай азаматтарына тұрмысқа шыққандар көбейген. Тек 2011 жылдың өзінде 874 қыз шетел азаматымен неке қидырса, бүгінде бұл көрсеткіш бірнеше пайызға артқаны ақиқат. Осы ретте шетел азаматының етегін ұстаған қыздардың тағдырына бір сәт үңілгенді жөн көрдік.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» - дегендей. Ертеңгі күні жақсы отбасын құрып, тату- тәтті, бақытты болашақ, боламыз десек, бәрін бүгіннен бастауымыз керек.

